ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 сәуір №4360-24-00-2/638 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «Шаған ауылдық өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Шойбекова» атауымен әрекет етуші Мерей Болатбековна Шойбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «Шаған ауылдық өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Шойбекова» атауымен әрекет етуші Мерей Болатбековна Шойбекованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Шойбекова» атауымен әрекет етуші Мерей Болатбековна Шойбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Шойбекова» атауымен әрекет етуші Мерей Болатбековна Шойбековадан «Қызылорда облысының білім басқармасының Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «Шаған ауылдық өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық

кәсіпорнының пайдасына 19 500 (он тоғыз мың бес жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажға төлеген сот шығысы 585 (бес жүз сексен бес) теңге, барлығы 20 085 (жиырма мың сексен бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Шойбекова» атауымен әрекет етуші Мерей Болатбековна Шойбековадан мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.05.2024, судья Елшібеков Б. Е., 23.05.2024

4360-24-3-1/606